

## Қазақстанның - жеті кереметі

Әлемнің әдемі, көз тартар, археологиялық маңызы бар бұйым немесе туризмі дамыған жерлер - жеті керемет деп саналады. Дәл солай Қазақстанның да жеті кереметі бар. Жалпы Қазақстанның әдемі, әсем жерлері көп болса да, соның ішінен топ жарғандары жеті керемет саналады. Оларға жеке тоқтала кететін болсақ:

Бірінші керемет - **Тамғалы тас ескерткіші**. Ол қола дәуіріне тиесілі, олардың саны 5000-нан асады. Ол суреттерде түрлі күнбасты адам, жан-жануарлар, аңшылық көріністкірі, соғыс сахналары, билеп тұрған адамдар және т.б. көптеген символдар бейнеленген. Бұның барлығы сол уақытта өмір сүрген адамдар тасқа қашап салған. Тамғалы тас ескерткіші ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген.

Екінші керемет - **Алтын адам**. Алтын адам - бүкіл әлемді дүр сілкіндірген оқиға. Археологтар дерегіне сүйенсек, ол сақ заманындағы жауынгер киімі болып есептелінеді. Ол 1969 жылы Есік жерінен табылады. Ол түрлі алтын бұйымдарынан жан-жануарлар, пырақтар, оюлармен өрнектелген. Алтын адам түпнұсқасы Астана қаласындағы Қазақстан Республикалық Ұлттық музейінде сақтаулы.

Үшінші керемет - **киіз үй**. Қазақтардың ерте заманнан бастап, қазіргі уақытқа дейін символы болып саналады. Киіз үй жалпы көшпелі малшаруашылығымен айналысатын адамдардың баспанасы болып табылады. Ол уық, кереге, шаңырақ сияқты бөліктерден тұрады. Ал сырты киізбен қапталады. Ол жерде от жағып, үйді жылытуға да болады. Киіз үй - барлық жағынан қарастырылған ыңғайлы үй. Оның есікке қарама-қарсы бөлігі төр, оң жағы ерлер бөлігі, сол жағы қыз-келіншектерге арналған бөлік. Киіз үй 4-5 қанатты, 6 қанатты, 8 қанатты, 12 қанатты, 18 қанатты, 24 қанатты, 30 қанатты болып байлығына, үлкендігіне байланысты бөлінеді.

Төртінші керемет - **домбыра**. Қазақта домбыраны бұрыннан құрметтеп, оған аса сыймен қараған. Тіпті халық арасында “Нағыз қазақ - қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра” деген нақыл сөз де қалыптасқан. Домбырамен ән шырқап, күй тартқан адамдар да аз емес. Оған: Біржан Сал, Ақан Сері, Жаяу Мұса және т.б.

Бесінші керемет - **Қожа Ахмет Яссауи кесенесі**. Ол осыдан 5 ғасыр бұрын Ақсақ Темірдің бұйрығымен салынған. Бұл кесене ортағасырларда ғылымға көп көмегі тиген, әрі сопылық дінді таратушы Қожа Ахмет Яссауиге арналған. Қазақта Түркістандағы Осы кесенені киелі, құдіретті деп есептеп, өз тілек-армандарын айтуға барып тұрады.

Алтыншы керемет – **Маңғыстау жерасты мешіті**. Қазақстандағы ең ерекше жерлердің бірі. Бұл баяғы ғасырларда өз діндеріне құрмет көрсеткен халық, осы жерге келіп сыйынып, ата-баба рухына сенген. Көлемі үш - төрт қанат киіз үйдің көлеміндей үш бөлме. Бекет атаның мүрдесі осы жерасты мешітіндегі бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған.

Жетінші керемет - **Бәйтерек**. Бәйтерек тек Астананың ғана емес, барша қазақ халқының символына айналған. Оның биіктігі - 97 метр. Бұл мемлекет астанасы Алматыдан Астанаға көшкен уақыт, сол себепті орнастырылған. Бәйтерек сонымен қатар маңызды жарыстар да, суреттер де көп бейнеледі. Бәйтерек ғимараты “Бәйтерек” ертегісіндегі үлгіге ұқсап салынған.

Қазақтың жеті кереметі егер әлемге танымал болса, олардан да асып түсетіні анық. Тек оны барша әлемге паш ету қажет. Тарихы да, көркемділігі де жоғарғы деңгейде.